

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

**БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ
БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ
PREVENTION OF BULLYING AMONG CHILDREN AND
ADOLESCENTS**

**Асылбекова М.П., педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.,
профессор**

**Шолпанқұлова Г.К., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры м.а., п.ғ.к., Астана қаласы, Қазақстан
Республикасы**

**Asylbekova M.P., Head of the Department of Pedagogy, Candidate of
Pedagogical Sciences, Associate Professor**

**Sholpankulova G.K., Candidate of Pedagogical Sciences, Associate
Professor**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Аннотация. Бұл мақалада әлемнің әртүрлі елдеріндегі мектептердегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу бойынша бағдарламалар қарастырылады және талдау жасалады. Д. Ольвеустің буллингтің алдын алу бағдарламасы көп деңгейлі бағдарлама ретінде буллинг мәселесін болдырмауға, сонымен қатар оқушылардың мектептегі буллинг жайлы хабардарлығы мен білімін арттыру, буллингтің алдын алуға мұғалімдер мен ата-аналарды тарту, буллингке қарсы нақты ережелерді әзірлеу, құрбандарды қолдау және қорғау мақсатын қоюға арналған. Қазіргі уақытта әлемнің әртүрлі елдерінде мектепте буллингтің алдын алу бойынша көптеген бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалардың жалпы ережелеріне мыналар жатады: оқушылар арасында буллингтің бар екендігі туралы сауалнамалар жүргізу; бұл мәселені сынып, мектеп және ата-аналар жиналыстарында талқылау; оқушылардың мінез-құлық кодексін әзірлеу; мұғалімдердің үзіліс кезінде мектеп ауласындағы оқушылардың мінез-құлқына көбірек көңіл бөлуі; мұғалімдерге буллингтің алдын алу стратегияларын үйрету.

Annotation. This article discusses and analyzes programs for the Prevention of bullying among children and adolescents in schools in different countries of the world. D. Olweus' bullying prevention program as a multi-level program is designed to prevent the problem of bullying, as well as to raise students' awareness and knowledge about bullying in school, involve teachers and parents in the Prevention of bullying, develop specific anti-bullying rules, support and protect victims. Currently, there are many programs for the Prevention of bullying at school in different countries of the world. The general rules of these programs include: conducting surveys of the presence of bullying among students; discussing this issue at Class, school, and parent meetings; developing a code of Conduct for students; making teachers pay more attention to the behavior of students in the schoolyard during breaks; teaching teachers strategies to prevent bullying.

Түйін сөздер: буллинг, профилактика, біріншілік профилактика, екіншілік профилактика, үшіншілік профилактика, балалар, жасөспірімдер.

Keywords: bullying, prevention, primary prevention, secondary prevention, tertiary prevention, children, adolescents.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «буллинг пен кибербуллингтің профилактикасы бойынша балалар арасында білім алушылармен ақпараттық-түсіндіру әңгімелері, құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен, жастар ұйымдарының көшбасшыларымен заңнаманы, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастырылады», - деп белгіленеді [4].

Осы белгіленген іс-шараларды ұйымдастыру үшін буллингтің профилактикасы жөніндегі қызметтің тәртібін айқындайтын «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» талдау жасалды. Бұл құжатта баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізу тәртібі төмендегідей ұсынылады:

- білім беру ұйымының әкімшілігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасында жағдай жасайды;

- білім беру ұйымының басшысы баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мақсатында жыл сайын оқу жылының басында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспарды (бұдан әрі – жоспар) бекітеді. Жоспарға мерзімдер, аяқтау нысандары, жауапты тұлғалар және келесі іс-шаралар кіреді: тоқсанына кемінде 1 (бір) рет білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, баланың заңды өкілдерінің жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мәселелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделеріне қайшы келмейтін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын (әңгімелер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, сабақтан тыс іс-шаралар және басқалар) жүргізу арқылы хабардар болуын арттыру; оқыту семинарларына (вебинарларға), семинар-тренингтерге, шеберлік сыныптарына, коучингтерге, конференцияларға, форумдарға, панельдік пікірталастарға қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, баланың заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы (жазбаша және (немесе) ауызша түрінде) хабардар ету; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне ол анықталған жағдайда дереу ден қою [1, 2-тарау].

Сондықтан жоғарыдағы құжаттарға жасалған талдау балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алудың қажеттілігін айқындай түседі.

Буллингке қарсы алғашқы эксперименттік бағдарламаны Д. Ольвеус 1982-84 жылдары ұсынды. Бағдарлама 42 норвегиялық мектепте сынақтан өтті. Эксперимент аяқталғаннан кейін сегіз және жиырма айдан кейін мектептердегі жағдайды зерттеу жүргізілді, нәтижесінде буллингтің эпизодтарының жиілігі екі еседен астам төмендеді. Мектеп оқушыларының

айтуынша, мектеп қауіпсіз орынға айналды; мектеп оқушылары арасындағы сенімді және ұзақ достық қарым-қатынастардың саны артты; оқу үлгерімі артты; сабаққа келмеу, ұрлық, бұзақылық және бүлдіру әрекеттері азайды. Бұл нәтижелер Д.Ольвеус бағдарламасын бүкіл елге заңнамалық түрде енгізуге мүмкіндік берді [5, б.249].

Ұлыбританияда Д.Ольвеус бағдарламасына ұқсас Д.Таттум бағдарламасы жүзеге асырылды. Ол іске асырудың үш кезеңін қамтиды: дағдарыспен жұмыс, интервенция және алдын-алу.

Осы орайда, балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуда буллингтің мазмұнын және құрылымын, оның қалыптасу кезеңдерін білу қажет. Жалпы, ХХ ғасырдың аяғында шетел әдебиеттерінде кейбір оқушылардың басқалар тарапынан қудалануын білдіретін ұғым «буллинг» пайда болғаны белгілі. Буллинг мектеп ортасындағы психологиялық әлеуметтік зорлық-зомбылықтың ашық түрі болып табылады.

Буллингті ұғым ретінде анықтауда ресей зерттеушілері (Р.Б.Иванченко, В.С.Соловьев) оған тән келесі белгілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: буллинг жәбірленушінің беделін түсіру, оны ұжымның басқа мүшелерінің алдында, «кеміс, жарымжан», пайдасыз етіп көрсету мақсатында жүзеге асырылады; буллинг жәбірленушіні одан әрі қысым көрсету үшін басқа құрдастарын да басқара алады; серіктестері бар буллинг жәбірленушінің әртүрлі әрекеттеріне теріс әсер етеді: қаламның немесе дәптердің кездейсоқ құлауы, тақтадағы жауап, сабақта телефон қоңырауы және т.б., буллинг әрқашан жәбірленушіге бағытталған әрекеттердің қасақана сипатын қамтиды [3, б.129].

Сонымен бірге «баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг)» - деп анықталады [1].

Сондықтан буллинг әлеуметтік құрылым ретінде жәбірлеуші (агрессорларды), жәбірленуші (құрбандарды), сондай-ақ куәгерлерді (бақылаушыларды) қамтиды. Буллинг кезінде жәбірленуші өзін теріс әсерден тиімді қорғай алмайтын күйге түседі [6, б.152].

Сонымен, әр түрлі зерттеулер көрсеткендей, буллинг бәсекелестік, мәртебе немесе билік сияқты айнымалыларға негізделген оқшауланған мінез-құлық еме екендігін көрсетеді. Яғни, буллинг – бұл салыстырмалы түрде тұрақты топтарда көрінетін және басқа адамдарды да қамтитын әлеуметтік мінез-құлық. Сондай-ақ мектеп ортасындағы қайталанатын әлеуметтік зорлық-зомбылық әрекеттері бүкіл ортада жағымсыз психологиялық климатқа алып келуі мүмкін.

Бүгінде буллинг балалар ұжымына мектепке тән әлеуметтік құбылыс ретінде қарқынды дамып келеді. Мектептегі буллингтің пайда болуына ықпал ететін қосымша факторлардың бірі – кейбір жағдайларда мұғалімдердің бұл мәселені шеше алмауы, қабілетсіздігі. Шын мәнінде, әр сыныпта келеке-мазақ объектісіне айналатын балалар бар. Сондықтан алдымен мәселенің бар екенін мойындап, оның ауқымын түсіну керек; сосын мәселенің мәнін, ауырлығын, жиілігін, ұзақтығын, жәбірленушінің жағдайын, қатысушылар мен куәгерлер

рөлін анықтау қажет, бұл жәбірлеушінің дұшпандық ниеттері мен жәбірленушінің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді; жәбірлеушінің әрекет жоспарын айқындауға және оны іске асыруға кедергі болу қажет.

Қарастырылып отырған мәселені зерттеген ресей ғалымдарының (О.Л.Глазман, А.А.Реан, В.Р.Петросянц, А.Мальцева, И.С.Кон және т.б.) еңбектерін талдау буллингтің келесідей бірнеше қалыптасу кезеңдерінен өтетінін көрсетеді:

- бірінші буллинг тобын құру кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде физикалық күш қолдану және «жәбірленушіні» қорлау арқылы өзін-өзі көрсетуге тырысатын «көшбасшының» қасындағы жасөспірімдер ортасында айналасындағыларға үстемдік еткісі келетін немесе керісінше көшбасшыдан қорғаныс іздейтін құрдастар жинақталады. Егер «көшбасшы» тарапынан зорлық-зомбылықтың алғашқы көріністерін қатаң түрде тоқтатпаса, онда ол өзінің жазасыздығына көз жеткізіп, оның құрдастары арасындағы беделі орнығады, топ нығаяды және болашақта өз көшбасшысына қолдау көрсетеді;

- екінші кезеңде буллинг жағдайы күшейе түседі. Бұған мұғалімдердің әрекетсіздігі, сыныптастары мен құрдастарының немқұрайлылығы ықпал етуі мүмкін. Зорлық-зомбылық әрекеттері физикалық және психологиялық формаларда қайталанады, оларға ұшыраған жасөспірім біртіндеп қарсылықты тоқтатады, тұйықталады және «жәбірлеушінің» кейінгі шабуылдарына осалдық көрсетеді;

- үшінші кезеңінде үнемі шабуылға ұшыраған жасөспірім «жәбірленуші» мәртебесін иеленеді. Айналасындағылар мен құрдастар бұл адамға қатысты буллингке үйренеді де уақыт өте келе оларды осы жағдай үшін кінәлай бастайды, ол адам да өзінің кінәлі екеніне сене бастайды. «Жәбірленуші» бұл жағдайды өзі шеше алмайды, оған сырттан көмек қажет;

- төртінші кезеңінде қудалау орын алады. «Жәбірленуші» үмітсіздікке ұшырап, сабаққа бармайды, құрдастарынан аулақ болуға тырысады. «Жәбірлеушімен» кездеспеу және қорлауға және зорлық-зомбылыққа ұшырамау үшін бәрін жасайды.

Мектептегі буллинг мәселесі кез келген адамның кейінгі өмірге өшпес із қалдырады, отбасылық өмірде толыққанды қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіреді, мамандық алған кезде үлкен биіктерге жетуге кедергі келтіреді және жиі суицидке алып келеді. Сондықтан бұл мәселеге ата-аналар да, мұғалімдер де, мектеп әкімшілігі де назар аударуы керек. Алғашқы кезеңдерде қорқыту жағдайын жасаудың кез-келген әрекетін тоқтату, буллингтің кез-келген түріне қатаң тыйым салу, болашақта мұндай әрекеттерді болдырмау және жалпы соңғы кезеңдерге дейін бұл жағдайдың орын алуын болдырмау үшін қажетті әңгімелер жүргізу өте маңызды. Алдын алу шараларының негізгі мақсаты – балаға стресстік жағдайға және агрессияға қарсы тұруға көмектесу.

Е.В. Гребенкиннің пікірінше, буллингтің стресстен кейінгі салдарының алдын алу үшін бірінші профилактика үш бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс: буллингке жол бермеу шарттарын жасау; баланы (жасөспірімді) тез және сауатты ажырату – буллермен жәбірленуші, оған стресстік әсердің ықпалын шектеу; сыныптағы кез-келген баланың жеке басының қорғаныс күштерін қорлауға қарсы тұру арқылы нығайту [2, б. 43].

Э.Г.Руланн бастауыш мектеп балаларымен алдын алу жұмысының негізгі міндеттері ретінде келесілерді бөліп көрсетеді: агрессия, бақыланбайтын ашу сезімін және зұлымдықты деңгейін төмендету; ашуды қауіпсіз білдіру дағдыларын қалыптастыру; бастауыш мектеп балаларында мазасыздық деңгейін төмендету; өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру; эмпатия сезімін дамыту; өз сезімдерін түсіну қабілетін дамыту; басқа балалардың жағдайы мен мүдделерін уайымдай білу; коммуникативтік қасиеттерді дамыту, тұлғааралық қатынастарды оңтайландыру, топтық бірлікті арттыру [7, б. 27].

Зерттеушілер (К.С.Шалагинова, Т.И.Куликова, С.А.Черкасова) пікірінше, біріншілік және екіншілік профилактикалық іс-шараларды жүргізу қажет: біріншілік профилактика мектеп буллингiне тікелей тартылған тараптарға (жәбірлеуші мен жәбірленушіге) ғана емес, сонымен қатар олардың жақын ортасына (сыныптастарына, ата-аналарына, мұғалімдеріне) кешенді әсер етуден тұрады. Бірінші профилактика кезеңінде қатысушыларды өмірге қауіп төндіретін жағдайлардағы мінез-құлық стратегияларымен таныстыруға, диагностикалық блокты, тренингтік сабақтар циклін өткізуге арналған ағартушылық іс-шаралар ұсынылады; екінші профилактика зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерде пайда болған психикалық бұзылуларды жою, суицидтік әрекеттердің алдын алу және медициналық-психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуден тұрады; жәбірлеушінің себептері мен мүмкіндігін анықтау бойынша жұмыс жүргізу [9, б.127].

Ресей ғалымдары (А.А.Реан, М.А.Новикова, И.А.Коновалов, Д.В.Молчанова) буллингтің алдын алу және болдырмау мәселесі мектеп маңызды орын алады. Мұнда отбасы да маңызды рөл атқарады дей отырып, «буллинг орын алған кезде мұғалім мен ата-аналар мәселені тығыз қарым-қатынаста шешуі керек, сонда ғана тиімді нәтиже болады. Бұл жерде келесі мәселе өте маңызды: баланың қорлауды қоздырушысы немесе оның құрбаны болғанына қарамастан, мектеп пен ата-аналар әрдайым баланың жағында бола отырып, мәселеге қарсы «біртұтас майданға» түсуі керек. Мұндай мінез-құлық психолог Л.Петрановскаяның еңбектерінде жан-жақты сипатталады: «кінәлау арқылы біз белгілі бір диспозицияны қоямыз. Міне, бұл баррикада да, біз бір жағынан – жақсы және дұрыс ата-ана болсақ, басқа жағынан – «жаман» ата-ана боламыз және балаға деген жаман қарым-қатынас жасаймыз. Осылайша, оны «жаман» рөлімен байланыстырамыз – баррикаданың бір жағында бізбен бірге болу одан да жақын және қымбат болады, солай емес пе? Бұл шындыққа көз жұмып, зорлық-зомбылықты мақұлдау дегенді білдірмейді.Бұл онымен баррикаданың бір жағында батыл тұруды, ал екінші жағында ол жасаған жаман нәрсені қалдыруды білдіреді. Өз іс-әрекеттерін атауды, өзгертулерді талап ету, бірақ адамды өз модельдерімен қарсыласуға және жеңуге мүмкіндік беру оны жіберіп алмау», - деп тұжырымдайды [8,б.6]

Сондықтан біріншілік профилактика буллингке қатысушы балаларға бағытталады. Бұл тек балалармен ғана емес, мектеп оқушыларының отбасыларымен де жұмысты қамтиды:

- отбасы түрін және отбасындағы балаларды тәрбиелеуді, сондай-ақ отбасындағы ата-аналардың мінез-құлқын зерттеу;
- баланың эмоционалды әл-ауқатының төмендеуіне және нәресте, ерте және

мектепке дейінгі жастағы оңтайлы психикалық дамуындағы ауытқуларға себеп болатын ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың бұзылуын зерттеу және түзету;

- ата-аналар жиналыстарын, сынып сағаттарын, сынып және жалпы мектеп іс-шараларын өткізу арқылы оқушылардың жеке басын, өмірлік стилін, қоғамдағы мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру.

Сонымен бірге, профилактика жүргізу кезінде мұғалімдерге, психологтарға, мектеп әкімшіліктеріне төмендегідей ұсынымдар беруге болады:

- білім беру ұйымы үшін буллингтің нақты, қолайлы анықтамасын нақтылау;

- мектепте орын алатын буллинг формаларын анықтау;

- мұғалімдер, әкімшілік қызметкерлер, мектеп оқушыларының беделін қандай жолдармен қолдауын білу;

- сауалнамалар, арнайы әдебиеттер мен бейнежазбаларды зерттеу;

- мәселені талқылау, оқушылармен жеке және топтық әңгімелер жүргізу;

- оқушылар арасындағы жағымды тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпал ететін мектеп қызметкерлерінің мінез-құлқын анықтау.

Біріншілік профилактика кезінде жасөспірімдермен төмендегідей жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- жасөспірімдердің эмоционалдық саласындағы ауытқулардың алдын алу және түзетумен айналысу;

- оқушылардың әлеуметтік мінез-құлқын төмендетпеу;

- білім алушылардың жеке басының стресске төзімді қасиеттерін дамыту;

- әлеуметтік жағдайды бағалау және ондағы өзінің мінез-құлқы үшін жауапкершілікті қабылдау дағдылары;

- психологиялық және әлеуметтік қолдауды қабылдау, пайдалану және көрсету дағдылары; өз шекараларын қорғау және жеке кеңістігін қорғау дағдылары; өзін-өзі қорғау, өзін-өзі қолдау және өзара қолдау дағдылары; жанжалсыз және тиімді қарым-қатынас дағдылары;

- салауатты өмір салтын және жоғары тиімді мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал ететін қолда бар жеке ресурстар туралы хабардар болуға және дамытуға бағыттау.

Екіншілік профилактика жасөспірімдерге (буллингтерге) қатысты жүргізіледі және оның мақсаты жасөспірімнің мінез-құлқын түзету және оны дамыту, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нәтижесінде оқушылардың, мұғалімдердің, мектеп қызметкерлерінің психикалық денсаулығын сақтау және қолдау болып табылады. Бұл жасөспірімдерде буллингтің патологиялық салдарын уақтылы анықтауға және білікті кешенді көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Үшіншілік профилактика буллингтің ауыр түрімен ауыратын балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды қарастырады. Жедел психологиялық жағдай және өзіне қол жұмсау әрекеттері болған жағдайда шұғыл ауруханаға жатқызуға себеп болады. Егер психологиялық бұзылулардың белгілері анықталса, ата-аналарды баланы психиатрмен кеңесуге шұғыл түрде көндіру керек. Буллинг көбінесе тыйым салынбай өсіп келе жатқан балаларда болады. Олар ата-ананың беделін түсінбеуі, сонымен қатар, оларға ересектерге назар аудару, құрметтеудің

жетіспеуі мүмкін. Бұл сезімдердің жетіспеушілігі агрессияны тудырады, ол оны біраз уақытқа ұстап жүреді, ата-анаға да айта алмағандықтан, өзінің нысанасын іздейді. Қатал құқықтары бар, атмосферада өзара сыйластық қалыптасқан мектепте мұндай бала әдетте өзінің мінез-құлқын бақылайды. Бірақ жазаланбауына сеніп, өз билігін және күшін көрсете бастайды.

Қорыта келгенде, профилактикалық іс-шараларды бірыңғай жүйесіне біріктіру білім беру ұйымында қауіпсіз психологиялық кеңістік құруға мүмкіндік туғызады. Негізінен әрбір іс-шара жеке оқушының белгілі бір көзқарастарын қалыптастыруға, сондай-ақ буллингке қарсы ережелер мен нормаларды енгізуге алып келеді.

Профилактикалық жұмыстар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік, отбасылық, жеке жағдайын өзгертуде оның өмір сүру сапасы мен мінез-құлқын жақсартуға ықпал ететін ерекше педагогикалық және тәрбиелік іс-шараларды да қолдануды қамтиды. Сынып сағаттарын ұйымдастыруы, олардың негізгі идеялары қоршаған адамдарға құрметпен және төзімділікпен қарау туралы тақырыптар болуы тиіс. Қоғамдық-психологиялық іс-әрекет сыныптармен ұжымды біріктіруге, төзімділікті дамытуға, басқаларға қатысты эмпатикалық ойлауға арналған тренингтер өткізуі керек. Жоғарыдағы алдын алу шараларын ұйымдастырудың нәтижесінде мектептегі буллинктің пайда болу ықтималдығының алдын алуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы
2. Гребенкин Е.В. Профилактика агрессии и насилия в школе. – Ростов-на-Дону, «Феникс», 2006. - 157с.
3. Иванченко Р. Б., Соловьев В. С. Современные подходы к определению и классификации школьного насилия // Вестник Воронежского института МВД России, 2014. № 3. – С.128-132.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы
5. Olweus D. Bullying or peer abuse in school: intervention and prevention. In G. Davies et al. (Eds.), Psychology, law and criminal justice: international developments in research and practice. Berlin: Walter de Gruyter. 1995. pp. 248-263.
6. Петросянц В. Р. Проблема буллинга в современной образовательной среде // Вестник ТГПУ, 2011. - № 6 (18). – С.151-154.
7. Руланн Э.Г. Как остановить травлю в школе. Психология моббинга. – М.: Генезис, 2012. - 264с.
8. Реан А.А., Новикова М.А., Коновалов И.А., Молчанова Д.В. Руководство по противодействию и профилактике буллинга: методические рекомендации. – М., 2019. - 64с.
9. Теоретико-методические основы деятельности педагога-психолога по предотвращению буллинга в школах Тульского региона: гендерно-возрастной аспект /под общ. ред. К.С.Шалагиновой. – Тула: Изд-во «ГРИФ и К», 2014. - 237с.